

Украинаның Президенті В. Ющенконың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 6 наурыздағы N 57-ө Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту, Украина Президенті В. Ющенконың 2008 жылғы 5-6 наурыздағы Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Украина делегациясының мүшелеріне "1+10" форматы бойынша қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын; сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2008 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Украина делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайында, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Украина Президенті В. Ющенконың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның

тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті атынан ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

6. Астана қаласының әкімі Украина делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, баратын орындарында бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Украин делегациясын қарсы алуға/шығарып салуға қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

6

н а у р ы з д а ғ ы

№

5 7 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Украина делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Украина делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос - Президент Астана" қонақ үйіне "1+10" форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласындағы "Риксос - Президент Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапар бағдарламалары, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Украина делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар с а т ы п а л у .

5. Украинаның делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Іс-шаралар өткізілетін орындарды гүлмен безендіру.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың атынан Украинаның Президенті В. Ющенконың құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

8. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК